

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАТТАМА

07.02.2023 ж. №4

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А. Кудышева

Хатшы Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. А.Е. Айтбаева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №4 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы жайлы мәлімет
2. Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы
3. 2022-2023 о.ж. Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы
4. 2022-2023 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған оқытушы - профессорлардың СОӨЖ өткізу кестесін бекіту
5. Әр түрлі мәселелер
 - 5.1 Білім беру бағдарламаларына жаппай ашық онлайн курстарды пайдалану және енгізу туралы.
 - 5.2 «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту тілі туралы және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді көп тілде оқыту туралы
 - 5.3. Факультеттер бойынша бітіруші білім алушылардың ҰБТ тапсыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы
 - 5.4 2022-2023 оқу жылының көктемгі жарты жылдығында универ жүйесіне ОПК пән кешендерінің жүктелуі жайлы мәлімет
 - 5.5 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

1. Кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы жайлы мәлімет

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Кәсіптік практика бөлімінің басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы:

Кәсіптік практика базаларымен «Кәсіптік практиканы өткізуге арналған келісім шарты» мазмұны жаңартылды. Төмендегідей өзгерістер енгізілді:

а) Келісім шарттың 2 пункті «Тараптарды құқықтары мен міндеттері» бойынша білім беру ұйымының міндеттемелеріне «13) кәсіптік практика базасы тарапынан тағайындалған жетекшілерге ақшалай қаражатты білім беру мекемесінің есеп шоттарына аударуды жүзеге асыру» қосылды.

б) Кәсіпорын міндеттемелеріне «11) білім беру ұйымынан түскен қаражатты кәсіптік практика барысында жетекшілік жасаған кәсіпорын қызметкерлеріне жеке сағатпен төлем жасау» енгізілді.

с) Кәсіптік практиканы өткізуге арналған келісім шартының әрекет етуі 3 жылға ұзартылды.

Кәсіптік практиканың сапасы мен нәтижелілігін арттыру мақсатында кәсіптік практика базалары (кәсіпорын) қызметкерлерін ынталандыру үшін сағаттық төлем мөлшерін 1238,79 теңгеден 1750 теңгеге, яғни 511,21 теңгеге (41 пайызға) жоғарылату туралы ұсыныс жасалды. Жеке сағаттық төлем 1750 теңге мөлшері Ғылыми кеңес шешімімен бекітілді.

Кәсіптік практиканы өткізуге арналған келісім шарттар тіркелді. Кәсіптік практика бойынша жалпы саны 633 келісім шарт жасалды. Ақылы екі жақты келісім шарт саны - 396, сұраныс хат негізінде келісім шарт саны – 237, қайта даярлау бойынша саны – 23. Келісім шартқа тұрған жалпы мекеме саны - 236. Соның ішінде қала мектептерінің саны - 84, жеке меншік мектептер - 12, бала-бақшалар -17, басқа да мекемелер -22.

Сұраныс хат негізінде жасалған келісім шарттар: Түркістан облысы бойынша - 96, басқа облыстардан – 5 (Кесте 1).

Кесте 1. Кәсіптік практикадан өтуге арналған келісім шарттар туралы талдау

№	Көрсеткіштер	Саны
	Кәсіптік практика бойынша келісім шарттардың жалпы саны	633
	Ақылы екі жақты келісім шарттар саны	396
	Сұраныс хат негізінде үш жақты келісім шарттар саны	237
	Қайта даярлау бөлімі бойынша	23
	Келісім шартқа тұрған жалпы мекемелер саны	236
	Қала мектептері	84
	Жеке меншік мектептер	12
	Бала-бақшалар	17
	Басқа да мекемелер	22
	Сұраныс хат негізінде үш жақты келісім шарттар	
	Түркістан облысы бойынша	96
	Сарыағаш ауданы	8
	Арыс қаласы	4
	Ордабасы ауданы	4
	Қазығұрт ауданы	9
	Сайрам ауданы	14
	Созақ ауданы	1
	Отырар ауданы	3
	Кентау қаласы	4
	Мақтаарал ауданы	7
	Жетісай қаласы	8
	Түркістан қаласы	2
	Келес ауданы	15
	Төле би ауданы	7
	Бәйдібек ауданы	3
	Түлкібас ауданы	7
	Шардара ауданы	1
	Басқа облыстар	5

Төмендегі кестеде соңғы төрт оқу жылдары бойынша кәсіптік практикадан өтуге арналған келісім шарт жасау туралы мониторинг берілген. 2022-2023 оқу жылында 598 мекемемен кәсіптік практикаға арналған келісім шарттар жасалды (Кесте 2).

Кесте 2. Оқу жылдары бойынша мекемелермен келісім шарттар жасау

Кафедралар	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика	19	25	73	58
Бастауышта оқыту әдістемесі	49	79	46	57
Психология	9	32	21	22
Әлем тарихы және дінтану	16	79	23	16

Педагогика	11	31	43	12
Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	3	5	3	5
Дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі	18	36	21	36
Химия	37	161	61	32
Биология	32	109	32	38
География	22	51	33	17
Математика	36	106	77	54
Физика	15	77	37	32
Информатика	30	100	55	39
Музыка	8	16	7	14
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	4	14	38	24
Қазақ тілі мен әдебиеті	19	72	54	41
Орыс тілі мен әдебиеті	23	64	83	34
Ағылшын тілі	36	99	65	67
Барлығы	387	1156	772	598

2022-2023 оқу жылында 4 курс 1198 студенттің 20 пайызға жуығы сұраныс хат негізінде (226 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді (Кесте 3).

Кесте 3. Сұраныс хат негізінде практикадан өту мониторингі

Кафедралар	Келісім шарт саны		4 курс студенттерінің саны (жалпы)	Сұраныс хат негізінде жіберу пайызы
	Жалпы	Сұраныс хат негізінде		
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика	58	34	133	26
Бастауышта оқыту әдістемесі	57	9	90	10
Психология	22	9	35	26
Әлем тарихы және дінтану	16	9	28	32
Педагогика	12	7	20	35
Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	5	0	32	0
Дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі	36	1	87	1
Химия	32	17	89	19
Биология	38	20	76	26
География	17	8	39	21
Математика	54	35	75	47
Физика	32	23	34	68
Информатика	39	9	48	19
Музыка	14	0	16	0
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	24	5	31	16
Қазақ тілі мен әдебиеті	41	21	158	13
Орыс тілі мен әдебиеті	34	3	93	3
Ағылшын тілі	67	16	114	14

2022-2023 оқу жылында 3762 студент (2-4 курстар) Шымкент қаласындағы практика базаларында кәсіптік практикадан өтіп жатыр. Қала мектептерінде практикадан өтуші студенттердің ең көбі 197 студент Қ.Сыпатаев атындағы №7 ІТ мектеп-лицейіне жіберілді. Практика базаларында 60 студенттен көп 16 мектеп анықталды (Кесте 4).

Кесте 4. Кәсіптік практикадағы студенттер бойынша мониторинг

Практика базалары	Студент-практиканттар саны
Қ.Сыпатаев атындағы №7 IT мектеп-лицейі	197
А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясы	150
А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы	147
№72 жалпы орта мектеп	129
Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы	127
З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп-лицейі	125
Н.Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы	121
№75 мектеп-гимназиясы	121
Т.Тажибаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы	98
А.Асқаров атындағы №77 мектеп-лицейі	97
Ж.Аймауытов атындағы №64 мектеп-гимназиясы	96
№80 IT мектеп-лицейі	94
№46 мектеп-лицейі	76
Д.И.Менделеев атындағы №15 мектеп-лицейі	72
Ө.Жолдасбеков атындағы №9 лицейі	69
Айбек атындағы №14 жалпы орта мектебі	60

Педагогикалық практиканы ұйымдастыруды оңтайландыру мақсатында 16.01.23ж-20.01.2023ж. аралығында практика түрлеріне байланысты семинар-тренингтер өткізілді. Нәтижесінде педагогикалық практикалар түрлері ерекшелігіне байланысты жұмыс жоспар-кестелерінің құрылымы мен мазмұны жаңартылып, практика барысында орындалатын тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы нақтыланды.

Сонымен қатар, педагогикалық практикаға арналған педагогикалық және психологиялық тапсырмалар жүйесі құрастырылып, педагог және психолог әдіскерлер практикаға арналған студенттердің жеке тапсырмаларын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтарын дайындады. Әдістемелік нұсқаулықта, педагогикалық практикадан өтуші студенттердің жеке тапсырмаларының оқу нәтижелері, нұсқаулары, бағалау критерийлері құрастырылды. Және де, кәсіптік практика күнделіктерінің құрылымдарына толықтырулар енгізіліп, орындалған жұмыстардың толық есебі жазылуы есепке алынды.

Кәсіптік практикадан өту туралы негізгі құжат – күнделік және студенттердің атқарған жұмыстарының дәлелдердемелері электронды нұсқада CD-диск немесе DVD-дискте кафедрада сақталады.

Ұсыныстар:

1. Білім беру бағдарламалары мен кәсіптік практика түрлерінің ерекшелігіне қарай кәсіптік практикаға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындау қажет.
2. Кәсіптік практикалардың өткізілу сапасын бақылау факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне жүктелсін..

1.ШЕШІМ:

1.Кәсіптік практикадан өту туралы негізгі құжат – күнделік және студенттердің атқарған жұмыстарының дәлелдердемелері электронды нұсқада CD-диск немесе DVD-дискте кафедрада сақталсын.

2. Білім беру бағдарламалары мен кәсіптік практика түрлерінің ерекшелігіне қарай кәсіптік практикаға арналған әдістемелік нұсқаулық дайындалсын.

3. Кәсіптік практикалардың өтілу сапасын факультет декандары мен кафедра меңгерушілері қадағаласын.

2. Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы

2.ТЫҢДАЛДЫ:Кітапхана меңгерушісі: Шамбулова Халида Камбаровна:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кітапханасы - университеттің құрылымдық бөлімдерінің бірі болып табылады.

Кітапхананың басты міндеті – білім алушылардың және оқытушы- профессорлар құрамының оқу процесін және ғылыми зерттеулерін оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда кітапхананың оқырмандар саны – **7500**, олардың кітапты пайдалану саны – **65 000** дананы құрайды.

Білім алушылардың оқу процесін және ғылыми зерттеулерін қамтамасыз ету үшін кітапхананың **алты оқу залы** және **абонементі** оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетеді.

2021-2022 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттің бірыңғай кітапхана қоры **452 485** дананы құрайды, оның ішінде әдебиеттер түрлері бойынша: оқу әдебиеттері **277 470** (61,2%), оқу-әдістемелік әдебиеттер 65 108 (14,6%) және ғылыми әдебиеттер **109 907** (24,3%) дананы құрайды, ал *тілдері* бойынша: қазақ тілінде **282 991** (62,5%), орыс тілінде **128 946** (28,6%), шет тілінде **40 548** (9%) дананы құрайды.

1-кесте. Кітапхана қорындағы әдебиеттер түрлері бойынша

Оқу жылы	Кітапхана қоры	Оқу әдебиеттер	Оқу-әдістемелік әдебиеттер	Ғылыми әдебиеттер
2019-2020	435 641	264 080	63 293	108 268
2020-2021	442 887	270 582	63 692	108 612
2021-2022	452 485	277 470	65 108	109 907

2-кесте. Кітапхана қорындағы әдебиеттер тілдері бойынша

Оқу жылы	Кітапхана қоры	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде
2019-2020	435 641	270 134	126 186	39 321
2020-2021	442 887	276 462	126 755	39 670
2021-2022	450 952	281 840	128 830	40 282

3-кесте. Кітапхана қорындағы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер қорының көлемі

Оқу жылы	Оқу әдебиеттер қоры	Оқу әдебиеттер қазақ тілінде	Оқу әдебиеттер орыс тілінде	Оқу әдебиеттер шет тілінде
2019-2020	327 373	212 601	86 084	28 688
2020-2021	334 274	218 768	86 536	28 970
2021-2022	342 548	224 490	88 285	29 803

Оқу жылдарында кітапхана қорының жаңартылуы

Жыл сайын оқу процесін оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша кітапхана қоры жаңа әдебиеттермен толықтырылып отырады.

2019-2020 оқу жылында бірыңғай кітапхана қоры жаңа баспалармен **1,6%** (435641/6317) жаңартылды, оның ішінде мемлекеттік тілде 1,3% (263 306/5281) құрайды.

2020-2021 оқу жылында бірыңғай кітапхана қорының жаңа баспалармен **2%** (442 887 /7246) жаңартылды, оның ішінде мемлекеттік тілде 1,3% (276 462/6328) құрайды.

2021-2022 оқу жылында бірыңғай кітапхана қорының жаңа баспалармен **2,1%** (452 485/9598) жаңартылды, оның ішінде мемлекеттік тілде 1,9% (281 840 /6529) құрайды.

4-кесте. Оқу жылында кітапхана қорының жаңартылуы, оның ішінде тілдері бойынша

Оқу жылы	Кітапхана қоры	Жаңа кітаптар	Кітаппен қамтамасыз ету	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде
2019-2020	435 641	6317	1,6%	5281	3526	335
2020-2021	442 887	7246	2,0%	6328	569	349
2021-2022	452 485	9598	2,1%	6529	2191	878

Мемлекеттік сатып алу бойынша бөлінген қаражат

Жыл сайын университет оқу және ғылыми әдебиеттерді сатып алу үшін қаражат бөліп отырады. Кафедралардың сұраныстары негізінде кітаптар сатып алынады.

2019 жылы **45 400 685** теңгеге **8 816** дана оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алынды, оның ішінде қазақ тілінде 6 555 дана, орыс тілінде 1 685 дана, шет тілінде 576 дана.

2020 жылы **54 227 270** теңгеге **10 562** дана оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алынды, оның ішінде қазақ тілінде 7469 дана, орыс тілінде 2563 дана, шет тілінде 530 дана.

2021 жылы **42 250 780** теңгеге **8 115** дана оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алынды, оның ішінде қазақ тілінде 5428 дана, орыс тілінде 2075 дана, шет тілінде 612 дана.

2022 жылы **40 112 783** теңгеге **6209** дана оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алынды, оның ішінде қазақ тілінде 4 529 дана, орыс тілінде 1 075 дана, шет тілінде 605 дана.

2023 жылы оқу және ғылыми әдебиеттер сатып алуға 40 000 000 жоспарланған. Қазіргі уақытта «Альманах», «Отан», «Эпиграф», «Дарын» прайс парақтары кафедраларға таратылып, сұраныстар жинақталды.

5-кесте. Мемлекеттік сатып алу бойынша бөлінген қаражат

Жыл	Бөлінген қаражат	Жаңа кітаптар	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Шет тілінде
2019	45 400 685	8816	6555	1685	576
2020	54 227 270	10562	7469	2563	530
2021	42 250 780	8115	5428	2075	605
2022	40 112 783	6209	4529	1075	605

Қазіргі таңда кітапхананың электронды қоры - **5627** дананы құрайды, оның ішінде қазақ тілінде - **3360** дана, орыс тілінде - **1549** дана, ағылшын тілінде - **554** дана.

ОҚМПУ оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері **1142** атау, **12 851** дананы құрайды. Кітапхананың кітап және электронды қорын толықтыру бойынша оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарылған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарының электронды нұсқасын (PDF форматта) және 5 данасын міндетті түрде кітапханаға тапсыруы қажет.

Магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулерін қамтамасыз ету мақсатында Ғылыми оқу залында диссертациялар қоры құрылған. Бүгінгі таңда диссертациялар қоры **1280** дананы құрайды, оның ішінде автореферат - 682 дана, магистрлік диссертация – 255 дана, монография- 343 дана.

Кітапхана қорындағы мектеп оқулықтары

2021-2022 оқу жылында кітапхана қорындағы мектеп оқулықтарының жалпы саны 2658 дананы құрайды, оның ішінде 1-9 сынып оқулықтары - 2330 дана, 10-11 сынып оқулықтары 328 дананы құрайды.

5-кесте. Кітапхана қорындағы мектеп оқулықтары

№	Мектеп оқулықтары	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	Барлығы
1	Математика	3				60	60						123
2	Алгебра							28	14	35	33		110
3	Геометрия							30	40	45	22		137
4	Физика							35	20	20		1	76
5	Химия							15	10	35			60
6	Қазақстан тарихы					43	30	30	45	70			218
7	Қазақ тілі			60	60	40	40	40	40	60	41	1	382
8	Қазақ әдебиеті		70	50		50	50	50	50	30	92	2	444
9	Русский язык и литература					50	50	35	50	65		11	261
10	Дүниетану		20	20	20								60
11	Жаратылыстану					20	20						40
12	Естествознание			10		10	10						30
13	Музыка		20	20	20	30						5	95
14	Худож.труд		10	10	10								30
15	Английский			1	1								2
16	Биология							30	30	30	30		120
17	Всемирная история					10	5	15					30
18	География							30		60			90
19	Дүниежүзі тарихы					20	30	20					70
20	Информатика						30	20	30	30	80	10	200
21	Көркем еңбек		20	20	20								60
22	Познание мира			10	10								20
	Барлығы	3	140	201	141	333	325	378	329	480	298	30	2658

Білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмысы

Жыл сайын барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету жұмысы кафедралардан сайланған референттермен тығыз байланыста жүргізіледі.

- Референттер кітапханаға білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарын, оқылатын пәндер тізімін, оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын, 2,8 қосымшасын өткізеді;

- Референттер білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын Электронды каталог және жаңа әдебиеттердің бюллетендері негізінде толтырады;

- Кітапхана өз кезегінде, оқылатын пәндер тізімін оқу жұмыс жоспарына қарап тексереді, ал оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын электронды каталогтан

тексеріп, оған талдау жасайды (яғни, әдебиеттердің кітапхана қорында болуын, оның данасын, оқу пәніне сәйкестігін, баспадан шыққан жылын (соңғы 10 жыл) тексереді;

Оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету картасын жасау бойынша референттермен кітапханада семинарлар өткізіліп тұрады. Қазіргі уақытта кітапханада бакалавр бойынша 33, магистратура бойынша 19, докторантура бойынша 9 білім беру бағдарламасы мамандықтарының қамтамасыз ету карталары жинақталған.

Кітапхананың сайты.Кітапхананың Web сайтында (<http://lib.okmpu.edu.kz>). кітапхана тарихы, кітапхана құрылымы, кітапханаға жаңа түскен әдебиеттердің бюллетендері, баспалардың прайс-парақтары, мерзімді басылымдардың тізімі, ақпараттық ресурстарға сілтемелер ұсынылған. Сайт үнемі жаңартылып отырады.

«КАБИС» электронды каталогы. Кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру үшін 2012 жылы «КАБИС» (Қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі) лицензиялық кітапханалық бағдарламасы енгізілді. «КАБИС» электронды каталогтың базасында келесі каталогтар ұсынылған: кітаптар – 9192 атау, мақалалар – 2700 атау, мерзімді басылымдар – 368 атау, диссертациялардың авторефераттары – 739 атау, ОПК еңбектері – 1142 атау, электрондық басылымдар – 2228 атау. Қазіргі таңда электронды каталогтың деректер қорында 16369 атау құжаттардың библиографиялық жазбалары бар.

Студенттер мен оқытушылар университеттің жергілікті желісіндегі "КАБИС" электронды каталогын пайдалана алады (<http://172.22.227.9/KABIS>), сондай-ақ Интернет желісінде (<http://ais.okmpi.kz/kabis>).

Электронды кітапхана. Білім алушылар қашықтықтан білім алу мақсатында «**Aknurpress**» мен «**Smart Kitap**» электронды кітапханасын пайдаланады. «**Aknurpress**» цифрлық кітапханасында білімнің салалары бойынша, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқулықтардың 2027 атауы бар, "Aknurpress" электронды кітапханасына қолжетімділік 3 жылға берілген, база тұрақты түрде жаңа оқулықтармен толықтырылып отырады. Интернет желісінде "Aknurpress" цифрлық кітапханасы <http://aknurpress.kz>

"**Smart Kitap**" электрондық онлайн кітапханасында-білімнің барлық салалары бойынша, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 81 оқулықтар мен оқу құралдары бар, "Smart Kitap" электрондық онлайн кітапханасына қолжетімділік 3 жылға берілді, оның барысында база тұрақты түрде жаңа оқулықтармен және оқу құралдарымен толықтырылады. Оқытушылар мен студенттер [http](http://) Интернет желісіндегі "Smart Kitap" цифрлық кітапханасын білім беру мақсатында пайдаланады: <http://smart-kitap.kz>

Мерзімді басылымдарға жазылу. Кітапхана жыл сайын мерзімді басылымдарға жазылуды рәсімдейді. 2022 жылы 54 атаумен мерзімді басылымдарға 717 145 теңгеге жазылды. Қоғамдық-саяси газеттердің саны - 7 атау, білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша ғылыми журналдар саны - 47 атауды құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде 26 атау.

Бүгінгі таңда кітапхана оқырмандарға жедел және сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетіп, ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыруда еңбек етіп келеді. Университеттің оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында аз қамтылған пәндерді оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша 550 кітап сканерлеу арқылы электронды нұсқаға көшіріліп, электронды каталогқа енгізілді.

Әлеуметтік желілердегі кітапхананың жұмысы. Әлеуметтік желілерде (**Facebook**, **Instagram**) ресми аккаунттары арқылы кітапхана жұмысын, кітап қорын, баспа беттеріндегі ОПК мақалаларын, өтетін іс-шараларға хабарлама, жаңа түскен кітаптарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп келеді.

2.ШЕШІМ: Кітапхананың электронды және кітап қорын толықтыру үшін оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарған оқу-әдістемелік құралдарының электронды нұсқасын (PDF форматта) және міндетті түрде кітапханаға тапсыру кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

3.3. 2022-2023ж. Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы

3.ТЫҢДАЛДЫ: Интернационалдандыру офисінің басшысы: Абдуразова Перизат Адилбековна:

2022-2023 оқу жылындағы халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы

№	Орындалған жұмыстар	Орындалу мерзімі	Нәтиже
1	Интернационалдандыру офисінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары дайындалды.	Тамыз, 2022 ж.	Интернационалдандыру офисінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.
2	Шетелден келетін студенттерге көші-қон департаменті арқылы құжаттар рәсімдеу жұмыстары жүргізілді (жүргізілуде).	Тамыз-қыркүйек, 2022 ж. 2022-2023 жж.	Шетелдік студенттерді тіркеуге қою, оларға виза рәсімдеу, виза мерзімін ұзарту жұмыстары бойынша үздіксіз қолдау көрсетіліп келеді.
3	Солтүстік (Арктикалық) федералды университетпен (САФУ) бірлесе ұйымдастыратын қос дипломды білім беру бағдарламасына талапкер қабылдау жұмыстары жүргізілді.	Тамыз-қыркүйек, 2022 ж.	Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға 1 магистрант қабылданды.
4	Серіктес шетелдік және отандық ЖОО-лармен (мекемелермен) келісімшарттарды жаңарту, жаңа келісімдерге қол жеткізу жұмыстары жүргізілді (жүргізілуде)	2022-2023 жж.	Жасалған халықаралық келісімшарттар саны – 8. Жасалған отандық келісімшарттар саны – 2.
5	ПОҚ, қызметкерлер, білім алушылар үшін шетел тілдерінен ақысыз негізде курстар ұйымдастырылды.	2022-2023 жж.	Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының қолдауымен түрік тілі курсы жүргізілуде. Шымкент қаласы Тілдерді оқыту-әдістемелік орталығының қолдауымен ағылшын тілі курсы жүргізілуде.
6	Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында студенттерді шетелдік ЖОО-ларға оқуға жіберу жұмыстары жүргізілді.	Қыркүйек 2022 ж. Қыркүйек, 2022 ж.	Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетіне 10 студент оқуға жіберілді. РФ, Архангельск қаласындағы Солтүстік (Арктикалық) федералды университетке қос дипломды БББ бойынша оқитын 1 магистрант оқуға жіберілді.
7	Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында отандық ЖОО-лармен студент алмасу жұмыстары жүргізілді.	2022-2023 жж.	Күзгі семестрде: 11 студент (бакалавриат) оқуға қабылданды; 1 студент (бакалавриат) оқуға жіберілді. Көктемгі семестрде: 30 студент (бакалавриат), 1 магистрант оқуға қабылданды; 2 студент (бакалавриат) оқуға жіберілді.

8	ОҚМПУ-ға шақырылатын визитинг-профессорлардың жұмысын ұйымдастыру.	2022-2023 жж.	ОҚМПУ-ға шет елдерден 4 оқытушы-профессор (3 оффлайн түрде, 1 онлайн түрде) шақырылып, студенттер мен оқытушыларға дәріс, семинарлар, тренингтер жүргізді
9	Ағылшын тілінде сабақ жүргізетін, ағылшын тілінен халықаралық деңгейдегі сертификаттары бар оқытушыларға үстемақы төлеу туралы Ғылыми кеңес шешімі қайта қаралып, өзгеріс енгізілді.	Қараша, 2022-2023 жж.	Ағылшын тілінде сабақ жүргізетін, ағылшын тілінен халықаралық деңгейдегі сертификаттары бар 7 оқытушыға үстемақы тағайындалды.
10	Магистранттардың шетелдік ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.	Қараша-қаңтар, 2022-2023 жж.	Шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге Гази университетіне (Анкара, Түркия) 8 магистрант жіберілді.
11	«Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» санаты бойынша үміткерлерге ақпараттық қолдау көрсету, шетелдік ЖОО-лармен байланыс орнату, шақыру алуға ықпал ету жұмыстары жүргізілді.	Қараша-ақпан, 2022-2023 жж.	Шақыру алу мақсатында Мария Гжегожевская университетіне (Польша), Куин Мэри университетіне (Ұлыбритания) үміткерлер тізімі мен қажетті құжаттар пакеті жіберілді.
12	Гази университетінің ректоры Мұса Йылдыз бен Анкара университетінің ректоры Неждет Үнівар бастаған делегацияның ОҚМПУ-ға жұмыс сапары ұйымдастырылды.	Қараша, 2022 ж.	ОҚМПУ-да Гази университетінің филиалын ашу бойынша келісімшартқа қол қойылды. Анкара университетімен өзара ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды.
13	Серіктес шетелдік ЖОО-мен біріккен білім бағдарламаларын құру, «Қос диплом» бағдарламасын дамыту	Қаңтар, 2022-2023 жж.	ОҚМПУ басқарма төрағасы мен басқарма мүшелерінің Түркияға сапары аясында Гази университеті, Анкара университеттерімен қос дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша келісімдер жасалды.
14	ОҚМПУ-ға шетелдік білім алушылар мен ізденушілерді тағылымдамаға қабылдау жұмыстары ұйымдастырылды.	Қараша-ақпан, 2022-2023 жж.	2022-2023 оқу жылының көктемгі семестрінде дипломалды практикадан өтуге 2 шетелдік білім алушы , ғылыми жоба аясында зерттеу тағылымдамасынан өтуге 1 шетелдік ізденуші ғалым келеді.
15	Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында профессор-оқытушылармен өзара алмасу жұмыстары ұйымдастырылды	2022-2023 жж.	2022-2023 оқу жылының көктемгі семестрінде М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен «Химия», «География» кафедраларымен профессор-оқытушылармен онлайн форматта (1-семестр) дәріс оқу бойынша өзара 4 ОПК алмастық. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетімен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

1. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетіне 10 студент оқуға жіберілді.

2. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде 11 студент оқуға қабылданды:

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде 1 студент оқуға жіберілді.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының көктемгі семестріне 31 білім алушы (бакалавриат бойынша – 30, магистратура бойынша – 1) оқуға қабылданды.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының көктемгі семестріне 2 студент оқуға жіберілді.

3. Шет елден ғалымдар шақыру бағдарламасы аясында 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде республикалық бюджет есебінен 3 ғалым шақырылып, оффлайн форматта ОҚМПУ студенттеріне дәрістер мен семинарлар, ОПҚ құрамына семинарлар мен тренингтер жүргізсе, ақысыз түрде онлайн форматта 1 ғалым семинар жүргізді:

4. Оқытушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы бойынша М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетімен өзара оқытушы алмасу негізінде 2022-2023 оқу жылының көктемгі семестрінде келесі оқытушылар онлайн форматта, ақысыз негізде дәрістер жүргізуде.

5. Қос дипломды білім беру бағдарламасын Солтүстік (Арктикалық) федералды университетпен (Ресей) бірлесе жүзеге асыру барысында 2022-2023 оқу жылына 1 магистрант оқуға қабылданып, 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1 магистрант академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында серіктес ЖОО-ға бір семестрге оқуға жіберілді.

6. ОҚМПУ Ғылыми кеңесінің 26.10.2022 ж. күнгі №3 мәжілісінің шешіміне сәйкес, ағылшын тілінде сабақ жүргізетін, ағылшын тілі білімі деңгейін растайтын халықаралық сертификатқа ие келесі оқытушылардың жалақыларына қосымша **үстемақы тағайындалды:**

Сонымен қатар, қазіргі таңда келесі шетелдік ЖОО-лармен келісімшарттар түзу бойынша процесс жүріп жатыр.

10. ОҚМПУ-дың 8 докторанты шет елде ғылыми тағылымдамадан өтті.

12. Университетте 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде **ағылшын және түрік тілдерінің курстары** жүргізілді.

Ұсыныстар:

1. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру, үлесін арттыру (стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2023 жылы жоспарланғаны-4%, орындалғаны -0,17%) (Жауаптылар: *Интернационалдандыру офисі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023*)

2. Университет ОПҚ ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту (Жауаптылар: *Интернационалдандыру офисі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023*)

3. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру (стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2023 жылы жоспарланғаны-3,5%, орындалғаны -1,86%) (Жауаптылар: *Интернационалдандыру офисі, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023*)

4. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарды нығайту және бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерлету (стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2023 жылы жоспарланғаны-3, орындалғаны -1) (Жауаптылар: *Интернационалдандыру офисі, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023*)

5. Университет ОПҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ОПҚ үлесін арттыру (стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2023 жылы жоспарланғаны-17%, орындалғаны -13%). (Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

ШЕШІМ:

1. Ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру, үлесін арттыру Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

2. Университет ОПҚ ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту (Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

3. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру (Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

4. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарды нығайту және бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерлету (Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

5. Университет ОПҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ОПҚ үлесін арттыру (Жауаптылар: Интернационалдандыру офісі, кафедра меңгерушілері. Мерзімі: тамыз, 2023)

4. 2022-2023 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған оқытушы - профессорлардың СОӨЖ өткізу кестесін бекіту

ТЫНДАЛДЫ: Академиялық істер департаментінің директоры: Бердалиев Даулетбай Турдалиевич

Университетіміздің 20 кафедрасы оқытудың барлық түрі бойынша 2022-2023 оқу жылының көктемгі жарты жылдығына арналған оқытушы профессорлардың СОӨЖ өткізу кестесін бекітуге ұсынып отыр. СОӨЖ өткізу кестесі кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жеке жүктемесі бойынша жүргізілетін пәндеріне және пәндердің кредит санына байланысты түзілді.

ШЕШІМ: 2022-2023 оқу жылының көктемгі жартыжылдығына арналған оқытушы-профессорлардың СОӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

5. Әр түрлі мәселелер.

5.1 Білім беру бағдарламаларына жаппай ашық онлайн курстарды пайдалану және енгізу туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Төраға: Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі әлемнің жетекші университеттерінің ағымдағы курстарына студенттеріміздің қол жеткізе алатын смарт- университет моделіне көшу бойынша жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, білім беру бағдарламаларына жаппай ашық онлайн курстарды пайдалану және енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды жолдады.

Университет тарапынан «Coursera» білім беру платформасындағы курстарды қолдану моделін қарастыруымыз керек. Біздің білім алушылар өздігінен Coursera халықаралық платформасында атақты шетелдік профессорлардың онлайн курсынан өту мүмкіндігі ұсынылып тұр. Ол міндетті түрде дипломда ескеріледі. Білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша сертификатпен расталған ЖАОК оқыту нәтижелерін есепке алу рәсімі қаралатын формальды емес оқытудың оқу нәтижелерін қайта есептеудің өз қағидаларын әзірлеуді қарастырады. Университетте құрылған комиссия білім беру бағдарламасының және оқу

жоспарының пәндері бойынша оқыту нәтижелеріне сәйкестігін іріктеуді және сараптауды және есепке жатқызу мүмкіндігі туралы шешім қабылдауды айқындайды.

2022-2023 оқу жылының екінші семестрінде Coursera платформасында **23 пәнді** оқып, меңгеру мақсатында **19 білім беру бағдарламасы** бойынша **500 білім алушы** тегін онлайн курстардан өту қарастырылып отыр.

СӨЗ АЛДЫ: Академиялық істер департаментінің директоры Бердалиев Даулетбай Турдалиевич: ЖАОК қолданудың келесі модельдері ұсынылады:

Модель 1. Тек ЖАОК: пәнді толығымен ауыстыру. Бұл жағдайда: міндетті ЖАОК курстары – білім беру бағдарламасының оқу жоспарының пәндеріне сәйкес комиссия таңдаған курстар;

білім алушының таңдауы бойынша ЖАОК курстары – бір немесе бірнеше ЖАОК платформаларының курстарын қамтитын ЖЖОКБҰ ұсынылған каталогынан білім алушылардың өз бетінше таңдаған курстары болуы мүмкін.

Модель 2. ЖАОК-қолдау: ЖАОК пән үшін қосымша материал ретінде дәстүрлі түрде оны білім алушының өзіндік жұмысы ретінде (бұдан әрі – ЖЕҰ), «flipped classroom» технологиясын қолданумен немесе қолданбай іске асыру кезінде пайдаланылады.

Модель 3. Аралас оқыту «+ЖАОК»: аудиториялық сабақтарды (негізінен дәрістерді) ішінара ауыстыру, сондай-ақ «flipped classroom» технологиясын қолданумен немесе қолданбай ЖАОК жекелеген тақырыптарын ішінара қайта есептеу.

Модель 4. «ЖАОК+» аралас оқыту: дәрістерді, практикалық және семинарлық сабақтарды ішінара сақтай отырып, ЖАОК пайдалану, сондай-ақ пән бойынша ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылау үшін ЖАОК-та оқу нәтижелерін пайдалану.

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері келесі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу қажет:

- формальды емес білім беру туралы қолданыстағы Ережеге өзгерістер енгізу;

- факультеттерде білім беру бағдарламалары бойынша пәндік комиссия құрылады, ол ұсынылған құжаттарды қарайды, ЖАОК-ның білім беру компонентінің бағдарламасына және білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне сәйкестігін тексеріп, іріктеу және талдау жүргізеді;

- кафедралар университет платформасында онлайн курстар каталогын құру,

Осылайша, ЖАОК-ны білім беру бағдарламаларына енгізу бойынша және әрбір пән бойынша ЖАОК пайдалану моделін анықтау қажет.

ШЕШІМ:

1. Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінде 2022-2023 оқу жылының екінші семестрінде «Coursera» білім беру платформасындағы курстарды қолдану моделін қарастырылсын

2. Университет тарапынан Coursera лицензиясын пайдалануға 500 білім алушылар өтініш беру факультеттер тарапынан ұйымдастырылсын.

3. Қолданыстағы формальды емес білім туралы ережеге өзгерістер енгізілсін (Бердалиев Д.Т.);

4. Формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану туралы семинар өткізілсін (Бердалиев Д.Т.).

5.2 «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту тілі туралы және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді көп тілде оқыту туралы

ТЫНДАЛДЫ: Академиялық істер департаментінің директоры: Бердалиев Даулетбай Турдалиевич; Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры: 2022-2023 оқу жылының 2 семестрінде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін физика-математика факультетінің барлық білім беру бағдарламаларының, ал жаратылыстану факультетінің 6В01505 – Биология мұғалімін даярлау, 6В01504-Химия мұғалімін даярлау,

6B01507-Химия-биология мұғалімін білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ филология факультетінің 6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау білім беру бағдарламаларының білім алушылары ағылшын тілінде өтеді. Басқа ББ білім алушылары «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін өз оқу тілінде өтеді.

2023-2024 оқу жылында магистранттарды көп тілде оқыту қарастырылуда.

ШЕШІМ: «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні жоғарыда аталған ББ білім алушылар үшін ағылшын тілінде, ал қалған білім алушылар үшін өз оқу тілінде өтілсін. 2023-2024 оқу жылында магистранттарды көп тілде оқыту жұмыстары жүргізілсін.

5.3. Факультеттер бойынша бітіруші білім алушылардың ҰБТ тапсыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы

ТЫНДАЛДЫ: Тест орталығының басшысы -Мамраймов Серікбай Дәулатұлы:

1.«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына 30.12.2022 № 533 бұйрығымен өзгерістер енгізілген.

2.Магистратураны бітіріп ҰБТ тапсырғандардың 24 % шектік межеден өткен.

3. Бакалавриатты бітіріп ҰБТ тапсырғандардың 23 % шектік межеден өткен.

4.Тест мазмұны жеңілдетіледі.

5. Мамандық бойынша тест саны 70-тен 30-ға азайтылады.

6. Оқыту әдістемесі пәні (Педагогика, оқыту әдістемесі өзгереді) бойынша тест саны 30-дан 20-ға азайтылады.

7. Жаратылыстану бағытына -125 минут.

8. Мектепке дейін - 80 минут.

9. Қалған бағыттарға - 90 минут.

10. Жауаптар Тест саны 5 тен 4 қысқартылады (Халықаралық тәжірибе).

11. Сәуір айында сынақ (пробный) тестер дайын болады.

12. Көпнұсқалы тест болмайды.

13. Тесттен өткен жас маман мұғалім-стажер лауазымын алып, мектепте сыннан өткен соң, аттестаттау кеңес шешімімен педагог лауазымына ие болады.

14. 13-24 ақпан аралығында «Қазына» ғимаратында Бітірушілер «Модуль» жүйесінде сынақ тестін тапсырады.

15. Қаладан сыртқа жолдама алған практиканттар «Онлайн» тапсырады.

16. Юстади базасында жаңа тест нұсқасы дайын болысымен, ақылы түрде тапсырту жоспарланады.

17. Бітіруші түлектерге қосымша сабақ кестесін жасап консультация беру мәселесі ашық тұр.

ШЕШІМ: Факультеттер бойынша бітіруші білім алушылардың ҰБТ тапсыру жұмыстары жандандырылсын

5.4 2022-2023 оқу жылының көктемгі жарты жылдығында универ жүйесіне ОПҚ пән кешендерінің жүктелуі жайлы мәлімет

ТЫНДАЛДЫ:

Айтбаева А.Е.: Оқытушы -профессорлардың көпшілігінде пәннің оқу жұмыс бағдарламасыда мақсатты нақтылау, міндеттерін айқындау керек. Пәннің оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуінде әдебиет жылдары ескі. Практикалық сабақтардың әдістемелік нұсқаулығында тапсырмалары болу керек. Практикалық сабақтардың тапсырмалары және өзіндік жұмыстың тапсырмалары мен бағалау критерийлерін пәннің оқу жұмыс бағдарламасындағы тапсырмалар мен балдарға сәйкестендіру қажет. Өзіндік жұмыс әдістемелік нұсқауын қайта қарауды қажет етеді. Пәннің оқу жұмыс бағдарламасын бекітілгенде күні қойылмаған. Пәннің оқу жұмыс бағдарламаларының рәсімделуі талапқа сай болу керек.

2022-2023 оқу жылының көктемгі семестрінде оқытушылардың «Univer» жүйесіне пән кешендерін жүктеуі жайлы мәлімет

р/с.	Кафедра атауы	Оқытушы саны		Кафедрада оқытылатын пәндер саны	
		Жалпы	Пән кешен жүктемеген	Көктемгі семестрдегі	Жүктелмеген пәндер
1	Математика	22	7	10	5
2	Физика	15	3	9	7
3	Информатика	29	-	14	-
4	Химия	19	-	22	-
5	Биология	30	-	21	-
6	География	19	-	14	-
7	Бастауышта оқыту әдістемесі	23	-	12	-
8	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	28	2	31	3
9	Педагогика	15	-	9	-
10	Психология	16	-	9	-
11	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	23	1	6	1
12	Әлем тарихы және дінтану	13	4	16	6
13	Қазақ тілі және әдебиеті	32	-	14	-
14	Орыс тілі және әдебиеті	27	3	15	5
15	Ағылшын тілі	32	-	19	-
16	Шетел тілдері	16	-	2	-
17	Музыкалық білім	24	-	15	-
18	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	19	3	30	7
19	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	24	-	7	-
20	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	14	-	9	-
	Барлығы	440	23	284	34

Ұсыныстар:

1. Кафедраларда оқытушылардың «Univer» жүйесіндегі электронды журналды уақытында толтыруын қадағалау қажет.
2. Кафедра меңгерушілері пәннің оқу жұмыс бағдарламаларының, оқу-әдістемелік кешендерін сапалы дайындап, пән кешеннің универ жүйесіне уақытысында толық жүктелуін қадағалау қажет.

ШЕШІМ:

Кафедра меңгерушілеріне кафедрада оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешенінің сапасын және «Univer» жүйесіне контенттердің толық жүктелуін және пәннің оқу жұмыс бағдарламасында берілген (Силлабус) «Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі мен тиісті балы» «Univer» жүйесіндегі электронды журналға уақытылы қойылып отыруын қадағалау жүктелсін.

5.5 Университет оқытушы -профессорлардың баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

ТЫНДАЛДЫ:

Төраға: Оқытушы-профессорлардың оқу құралдарын баспаға ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті.

СӨЗ АЛДЫ: Айтбаева А.Е.: Университет оқытушы-профессорларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдарының құжаттары талапқа сай дайындалған. Барлық оқу-әдістемелік құралдарға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

1. Сапарбаева Қ.Ж., Сулейменов С.А., Арапова А.А дайындаған «Тіл мәдениеті және сөйлеу мәдениеті» элективті курсын ұсынып отыр. Пікір білдірушілер: М.Әуезов атындағы ОҚУ Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к. Әділбекова Ж.Қ.; М.Әуезов атындағы ОҚУ Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Халикова Н.С.; ОҚМПУ Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Досыбаева А.Б.

2. Зұбайда Керімбаеваның «Майлықожа Сұлтанқожаұлы поэзиясының тілі» (лексикасы мен грамматикасы) атты оқу құралы. 348 бет. Пікір білдірушілер: М.Әуезов атындағы ОҚУ филология ғылымдарының докторы, профессор С.Р.Боранбаев; ОҚМПУ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.А. Масалиева; Орталық Азия Инновациялық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Б.С.Тоқтағұл.

ШЕШІМ:

Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

Төраға

А.А. Кудышева

Хатшы

Айтбаева А.Е.